

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**6D020500 «Филология» мамандығы бойынша
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Семей, 2018

Түсінік хат

6D020500 «Филология» докторантура мамандығы

Оқу мерзімі: 3 жыл

Академиялық дәрежесі: D/h

Модульдік білім беру бағдарламасы 6D020500 «Филология» докторантура мамандығы бойынша философ академиялық дәрежесін алу үшін қажетті құзіреттіліктерді меңгеруге бағытталған және барлық оқу кезеңдеріне арналған оқу модульдерінің бірігуі нәтижесінде құрастырылған.

Модульдік білім беру бағдарламасының нормативтік сілтемелері

- ❖ ҚР МЖМБС 23.08. 2012 ж. №1008 «Жоғары оқу орнынан кейінгі жалпы білім беру стандарты 2 Бөлім. Докторантура»
- ❖ 6D020500 «Филология» докторантура мамандығының типтік оқу жоспары. 23.08.12
- ❖ «Педагог» кәсби стандарты, №133 бұйрыққа қосымша 8 шілде 2017 ж.
- ❖ Оқу үрдісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру ережелері ҚР БҒМ 20.04.2011 күнгі №152 бұйрығы;

6D020500 «Филология» докторантура мамандығының білім беру бағдарламасының мақсаты:

- Ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын міндеттерді шешуге және түсіндіруге, өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруге қажетті жағдайды қамтамасыз ету;

- Педагогикалық қызметті іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық білімді меңгерту;
- Мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерді меңгерген;
- Ғылыми мәселені тану, түсіндіру және шешу қабілеттілігін, филология ғылымының қажетті саласына сәйкес әңгімені өрістете алу біліктілігін дамыту;
- Жоғары дәрежелі, білікті және бәсекеге қабілетті мамандарды, өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік тұрғыдан икемделуге қабілетті жалпы және кәсіби мәдениетінің деңгейі жоғары кәсіби элита дайындау;
- Білім беру модульдері бойынша белгіленген бағыттарда игерген маман дайындау.
- ❖ БП болғына міндетті компонент пәндері (МК) – 8 кредит; және таңдау пәндері (ТК) -12 кредит. Аталған пәндер модульдері келесідей құзіреттіліктер кешенін құрайды: терең ғылыми-теориялық және методологиялық білімді қамтитын кәсіби сапалардың қалыптасуы, қазақ тілі мен әдебиеті салалаларын меңгертуге бағытттайтын пәндер тізбегі.
- ❖ КП блогына міндетті пәндер компоненттері (МК) – 2 кредит; және таңдау компоненттері (ТК) – 12 кредит. Аталған пәндер модульдері бітіруші меңгеруге тиіс негізгі және арнайы құзіреттіліктерді қамтиды: теориялық және эмпирикалық білімдерді қамтитын кәсіби сапаны қалыптастыру, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелерінің теориялық және практикалық маңызын қамтитын пәндер тізбегі.
- ❖ Кәсіптік іс-тәжірибелер (педагогикалық, зерттеу) 6 кредиттен тұрады, Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысы оның ішінде докторлық диссертацияны қоса алғанда 50 кредит және Қорытынды аттестация – 5 кредит.

6D020500 «Филология» докторантура мамандығының білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- Өзгеріс үстіндегі әлемде кәсіби күзіреттілік пен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ететін филологиялық іргелі теориялық-әдістемелік, сондай-ақ іргелес ғылымдар саласы бойынша түбегейлі дайындықтың болуы;
- Ғылыми мәселені тану, түсіндіру және шешу қабілеттілігін, филология ғылымының қажетті саласына сәйкес әңгімені өрістете алу біліктілігін дамыту;
- Кәсіби қызметте қазіргі компьютерлік технологияларды, қазақ/орыс тілінің Ұлттық корпусы ресурстарын пайдаланудың бейіндік машықтары мен дағдыларын қалыптастыру;
- Лингвистикалық/әдебиеттанушылық зерттеулерді жүргізу мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, кәсіби қызметтің түрі мен сипатының өзгерісіне, пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімділікті дамыту;